

## Шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 25 шілдедегі N 203 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаменті Қаратал ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 16 тамызда N 2-12-177 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 15 қарашадағы N 314 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық әкімдігінің 15.11.2011 N 314 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 18)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағының 9)-тармақшасына сәйкес, аудандық мал дәрігерлік зертхананың 2011 жылғы 25 мамырдағы N 231 және 2011 жылғы 26 мамырдағы N 242 сараптамалары, Қаратал ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық–санитариялық инспекторының 2011 жылғы 27 мамырдағы N 328 ұсынысы негіздерінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Балпық ауылдық округінің "Ұмтыл" ауылында және Жолбарыс батыр ауылдық округінің "Қарашеңгел" ауылында ұсақ мүйізді малдары арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Қ о н а қ б а е в қ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Медеуов

КЕЛІСІЛДІ:

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы М и н и с т р л і ғ і  
а г р о ө н е р к ә с і п к е ш е н д е ғ і

мемлекеттік инспекция комитетінің  
Қаратал аудандық аумақтық  
инспекциясының бастығы Нұрәділ Нұрқасымұлы Бекбосынов  
25 шілде 2011 жыл

Қаратал ауданы бойынша  
мемлекеттік санитарлық-  
эпидемиологиялық  
қадағалау басқармасының  
бастығының міндетін атқарушы Ольга Сергеевна Пригоровская  
25 шілде 2011 жыл